**«БЕКІТЕМІН»**
**«№2 Қарауылкелді орта мектебі» КММ директоры**
**Б.Ш.Оңгаров**
**2023жыл "31" тамыз**

**Ақтөбе облысы, Байғанин ауданы, Қарауылкелді ауылы**

**№2 Қарауылкелді орта мектебі коммуналдық мемлекеттік мекемесінің**

**2023-2024 оқу жылына арналған**

**«Біртұтас тәрбие бағдарламасын» іске асыру бойынша**

# Тәрбие жұмысы жоспары

**2023-2024 оқу жылы**

## ТҮСІНІК ХАТ

Өскелең жас ұрпақты рухани-адамгершілік қасиетке баулу, тәрбиелеу – барлық кезеңде өзекті. Біздің келешегіміз – жас ұрпақ, ал ұрпақ тәрбиесі адамзаттың мәңгілік тақырыбы. Ел ертеңі болар бүгінгі балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелеу, әлеуметтік тұрғыдан барынша қамтамасыз ету, толыққанды білім алуына жағдай жасау, олардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау Қазақ елінің ұлттық саясатының басты бағыттарының бірі. Тәрбие мен оқыту өзара тығыз байланысты, бір бірінен бөліп алуға болмайтын біртұтас процесс. Білім беру ұйымдарындағы тәрбие пән мазмұны, сынып сағаттарының және мектептен, сыныптан тыс қосымша білім беру мазмұны арқылы жүзеге асады. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы қасиетті Түркістан қаласы, Түркі елінің шаңырағында өткізілген «Әділетті Қазақстан - Адал азамат» атты ІІ Ұлттық құрылтайда сөйлеген сөзінде: «Адал азаматқа тән қасиеттер әрбір жастың бойынан табылуы керек, ұрпақтың бойында жаман әдет болса, бұл үлкендердің кінәсі»- дей келе, Әділетті Қазақстанды құру үшін: бүкіл қоғам болып жұмылу керектігін: - ең бастысы, әр азаматтың сана-сезімі жаңғыруы қажеттігін; - халқымыздың дүниетанымы және өмірлік ұстанымдары өзгеруге тиіс екендігін; - әйтпесе, басқа реформаның бәрі бекер болатындығын нақты атап өтті. «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» – ұлттық, адами құндылықтарға негізделген. Бұл құжатта білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысын толыққанды жүзеге асыру үшін білім алушылардың бойында қалыптастырылуы тиіс құндылықтар мен тәрбиенің мақсаты, міндеттері айқындалады. Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, әлемдік озық білімді игерген саналы азаматты тәрбиелеу мақсаты көзделеді.

**«Біртұтас тәрбие бағдарламасының» мақсаты:** Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу.

**Міндеттері:** 1. Ата-ананың өсиетін тыңдауға, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге, перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеу. 2. Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға, отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу. 3. Жақсылыққа, игілікке бой түзеуге, абыройлыболуға, ар-ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлық пен Ұсыным әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру. 4. Денсаулықты қадірлеуге, салауатты өмір салтын ұстануға, ойдың тазалығын және эмоционалды тұрақтылыққа баулу. 5. Табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелеу және еңбекқорлыққа баулу.

**Күтілетін нәтиже:** 1. Ата-анасын сыйлайды, перзенттік парызын түсінеді, «қарашаңырақ», «жеті ата», «тектілік» ұғымдарының маңызын бағалайды, отбасы татулығы мен берекесін қадірлейді. 2. Отаншыл, мемлекетшіл, намысшыл, халқына адал қызмет етуді, мемлекет тәуелсіздігін және елі мен жерінің тұтастығын қорғауды борышым деп санайды жәнеұлттық мәдениетті құрметтейді, салт-дәстүрлерді біледі, оны сақтайды. 3. Әр ісіне, қадамына жауапкершілікпен қарайды, әдепті және мейірімді, сөзінеберік, ісіне адал, кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді, ар-ұятты жоғары бағалайды. 4. Жан мен тән тазалығын сақтайды, дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді, эмоционалды жай-күйін басқарады. 5. Тұратын үйін, ауласын, қаласын таза ұстайды, қоғамдық орынға және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарайды, табиғатқа жанашыр және туған жердің қайталанбас ерекшелігін және оныңбірегей болмысын таниды және адал еңбекті жоғары бағалайды.

**Ұлттық құндылықтар: ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ, АР-ҰЯТ, ТАЛАП.**

**Ұлттық мүдде құндылығы:** - Қазақстан мемлекеттілігіннығайтуға атсалысу; - Қазақстанның оңтайлы имиджін қалыптастыруғабелсенді үлес қосу; - Ұлттық мұраға ұқыпты қарау; - Қазақ тілінің қолдануаясын кеңейту; - Қазақстан мүддесінеқызмет етуге ұмтылу; - Қоғам игілігі үшінқызмет ету; - Қазақстанның қауіпсіздігін қамтамасызетуге дайын болу; - Ұлттық мәдениеттідәріптеу;

**Күтілетін нәтижесі:** - Отаншыл, мемлекетшіл және намысшыл - Мемлекеттік рәміздерді қадірлейді - Елінің тарихын құрметтейді - Ұлттық мирасты, мәдениеттідәріптейді Ұсыным - Құқықтық және экологиялықмәдениеті жоғары

**Ар-ұят құндылығы:** - Академиялық адалдыққағидатын қолдау; - Адал еңбекті құрметтеу; - Сөзіне берік, ісіне адал болу; - Халқына адал қызмет ету - Әдеп нормаларын ұстану; - Шешім қабылдай білу жәнежауапкершілікті сезіну; - Достарына, сыныптастарына, отбасы мүшелеріне қамқор болу, мейірімділік таныту; - Өзін отбасының, сыныптың, мектептің, қоғамның, Отанның бірмүшесі екенін сезіну.

**Күтілетін нәтижесі:** - Ар-ұят, адалдықты жоғары бағалайды; - Сөзіне берік, ісіне жауапкершілік танытады; - Ата-анасына сүйіспеншілікпенқарайды; - Достарын, сыныптастарынсыйлайды; - Кішіге ізет, үлкенге құрметкөрсетеді.

**Талап құндылығы:** - Сыни және креативті ойлау; - Жеке және командаменжұмыс істей білу; - Білуге, жаңаны тануғақұштар болу; - Физикалық белсенді болу; - Салауатты өмір салтынұстану; - Технологиялық және цифрлық дағдылардыілгерілету; - Дұрыс қарым-қатынасорната білу; - Уақыт пен қаржынытиімді жоспарлау.

**Күтілетін нәтижесі:** - Жан мен тән тазалығынсақтайды; - Дұрыс тамақтану мәдениетінтүсінеді; - Қоршаған орта тазалығынсақтайды; Ұсыным - Ақпараттық, медиа жәнеқаржылық сауаттылық; - Ізденімпаз, жасампаз тұлға.

Бағдарлама аясында жүзеге асырылатын жобалар:

1. «Оқуға құштар мектеп»
2. «Балалар және театр»
3. «Еңбегі адал жас өрен» (Еріктілермен жұмыс)
4. «Ұшқыр-ой алаңы»
5. «Жеткіншектің жеті жарғысы»
6. «Ұлттық мектеп лигасы»
7. «Ғаламтор қауіпсіздігі»
8. «Төрт тоқсан-төрт өнер»
9. «9 ай- 9 іс-шара»
10. «Ата-аналар мектебі»

***ҚЫРКҮЙЕК – БІЛІМ АЙЫ***

- ***1-қыркүйек - Білім күні, сынып сағаттары;***
- ***5 қыркүйек- А.Байтұрсынұлының туған күніне арналған «Тіл тазалығы» тақырыбындағы шаралар***
- ***Шығыс мұсылмандарының рухани тәлімгері және діни жетекшісі, ақын, ойшыл, ғұлама Қожа Ахмет Ясауидіңтуғанына 930 жыл***
- ***Қазақ әдебиетінің XX ғасырдағы жарық жұлдыздарының бірі, жазушы, драматург Жазушы Оралхан Бөкейдіңтуғанына 80 жыл***

| № | Негізгі жұмыс бағыттары | Іс-шаралар | Жауаптылар | Орындау мерзімдері |
|---|---|---|---|---|
| **ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ** | | | | |
| 1 | **«Еңбегі адал жас өрен» жобасы** | 1 –қыркүйек – Білім күні<br>*«Мектебім–мейірім мекенім»* | ДТІЖО<br><br>Сынып жетекшілері | 1.09 |
| 2 | **«9 айға 9 іс – шара» жобасы** | «Сергіту сәті» челленджі | ДТІЖО, Дене шынықтыру пәні мұғалімі | 08.09 |
| 3 | **«Оқуға құштар мектеп» жобасы** | «Келіңдер, танысайық» 1 сынып оқушыларының кітапханаға саяхаты | Кітапханашы | 14.09 |
| 4 | **«Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы** | Жолда жүру ережелерін білесің бе? | ДТІО<br><br>1-4 , 5-9 сынып жетекшілері | 15.09 |
| 5 | **«Ғаламтор қауіпсіздігі» жобасы** | «Әкем және мен» спорттық сайыс | ДТІЖО,1-11 сыныптар, дене шынықтыру пәні мұғалімі | 15.09 |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 6 | **«Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы** | «Қожа Ахмет Ясауидің хәл хикмет ілімі» Қожа Ахмет Ясауидің туғанына 930 жыл сынып сағаттары | 10-11 сынып жетекшілері | 18.09 |
| 7 | **«Оқуға құштар мектеп» жобасы** | «Кітап – дәрігері» оқулыққа көмек | Кітапханашы | 18.09 |
| 8 | **«Балалар және театр» жобасы** | «Театр және балалар» жобасымен таныстыру | Жоба жетекшісі | 20.09 |
| 9 | **«Еңбегі адал жас өрен» жобасы** | «Адал азамат – әділетті Қазақстан» сынып сағаты | 1-4 сынып | 25.09 |
| 10 | **«Еңбегі адал жас өрен» жобасы** | «Ел бүгінші, менікі ертеңгі үшін» сынып сағаты | 10-11 сынып | 26.09 |
| 11 | **«Оқуға құштар мектеп» жобасы** | Қазақ әдебиетінің ХХ ғасырдағы жарық жұлдыздарының бірі, драматург О.Бөкейдің туғанына 80 жыл (көрме) | Кітапханашы | 27.09 |
| 12 | **Салауатты өмір салтын насихаттау және нашақорлық пен есірткі бизнесіне қарсы күрес** | «Спорт ойындары» спорттық жарыс | Дене шынықтыру пәні мұғалімдері | 29.09 |
| 13 | **АПБ ЮПТ есебін, сәтсіз, мектепішілік есепте, қауіпті топтағы оқушыларды анықтап және әлеуметтік жұмыстармен тұрғын үй тұрмыс актісін жасау** | Тұрмыстық АКТ | ДТЖО<br>Әлеуметтік педагог Л.Жанабаева | 29.09 |
| 14 | **Мектептегі ыстық тамақ және буфеттік тамақтану сауалнамасын жүргізу** | Сауалнама | 1-11 сынып | 29.09 |

## ҚАЗАН – АЛАШ АЗАМАТТАРЫН ҰЛЫҚТАУ АЙЫ

- *1 қазан - Қарттар күні*
- *5 қазан – Мұғалімдер күні*
- *25 қазан – Республика күні*
- *Қазақ жазушысы, қоғам қайраткері, Қазақстанның еңбек сіңірген мұғалімі Спандияр Көбеевтің туғанына 145 жыл*
- *Алаш жұртының әйгілі перзенті, көрнекті қазақ ақындарының бірі, фольклоршы, ғұлама ғалым Мәшһүр - Жүсіп Көпеевтің туғанына 165 жыл*
- *Ақын, жазушы, философ, тарихшы, композитор Шәкәрім Құдайбердіұлының туғанына 165 жыл*
- *Қазақтың көрнекті жазушысы, драматург, публицист, қазақ әдебиетін қалыптастырушылардың бірі Жүсіпбек Аймауытовтың туғанына 135 жыл*
- *Алаш қозғалысының қайраткері, ақын, қазақ әдебиетінің жарық жұлдызы Мағжан Жұмабаевтың туғанына 130 жыл Ұсыным*
- *Қазақ халқының XX ғасыр басындағы аса көрнекті ақын-жазушысы, ақыл-ойшысы, демократ ақыны Торайғыровтың туғанына 130 жыл*
- *Ақын, жазушы, көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Сәкен Сейфуллиннің туғанына 130 жыл*

| № | Негізгі жұмыс бағыттары | Іс-шаралар | Жауаптылар | Орындау мерзімдері |
|---|---|---|---|---|
| **ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ** | | | | |
| 1 | **«Оқуға құштар мектеп» жобасы** | «Бір отбасы – бір кітап» сынып сағаты | 1-11 Сынып жетекшілері | 2.10 |
| 2 | **«Еңбегі адал жас өрен» жобасы** | «Ұлы дала перзентімін» | 1-4<br>сыныптар<br>5-9<br>сыныптар | 3.10 |
| 3 | **«Оқуға құштар мектеп» жобасы** | «Ұстаз! Сіздің алдыңызда ....» мерекелік шара | Тәлімгер<br>Кітапханашы<br>1-11 сыныптар | 4.10 |
| 4 | **«Еңбегі адал жас өрен» жобасы** | «Менің бизнес идеяларым» сыныптан тыс іс - шара | 9-11 сынып жетекшілері | 10.10 |
| 5 | **«Ғаламтор қауіпсіздігі» жобасы** | «Отбасылық дәстүрлер» сынып сағаттары | 1-11 сынып жетекшілері | 18.10 |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 6 | **«Денсаулықтың 6 шарты – таза ауа, дұрыс тамақтану, қозғалыс, тыныш ұйқы, көтеріңкі көңілкүй, күйзеліске түспеу»** | Дөңгелек үстел | Мектеп медбикесі<br>1-11 сынып жетекшілері | 20.10 |
| 7 | **«Төрт тоқсанға – төрт өнер» жобасы** | «Ақын –елдің ардағы» атты кездесу кеші | Қазақ тілі мен қазақ әдебиеті пәні мұғалімдері | 23.10 |
| 8 | **«9 ай- 9 іс-шара» жобасы** | «Әнұран айту» челленджі | ДТІЖО, аға тәлімгер | 23.10 |
| 9 | **«Ұшқыр -ой алаңы» жобалар** | «Адамгершілік және адалдық» мектеп оқушылары арасында дебат турнирі | Дебат жетекшісі | 23.10 |
| 10 | **«Еңбегі адал жас өрен» жобасы** | Қайырымдылық акциялары | «Қоғамға қызмет» ұйымының жетекшісі | 23.10 |
| 11 | **«Еңбегі адал жас өрен» жобасы** | «Адалдық – атадан қалған мұра» ұрпақтар сабақтастығын насихаттау. Дөңгелек үстел | «Адал ұрпақ» клубы жетекшісі | 25.10 |
| 12 | **«Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы** | «Өнегелі өмір» эссе байқауы | Қазақ тілі мен қазақ әдебиеті пәні мұғалімі | 27.10 |
| 13 | **«Оқуға құштар мектеп» жобасы** | «Кітап дәрігері» оқулыққа көмек | Кітапханашы | 26.10 |
| 14 | **«Оқуға құштар мектеп» жобасы** | Ақын, жазушы, философ, тарихшы, композитор Шәкәрім Құдайбердіұлының туғанына 165 жыл | Кітапханашы | 27.10 |
| 15 | **“Балалар және театр” жобасы** | Б.Соқпақбаев «Менің атым – Қожа» повесіне сахналық қойылым | “Балалар және театр” жобасы жетекшісі | 04.10 |

## ҚАРАША - ПОЭЗИЯ АЙЫ

**15 қараша - Ұлттық валюта күні**
**Күзгі демалыс**

| № | Негізгі жұмыс бағыттары | Іс-шаралар | Жауаптылар | Орындау мерзімдері |
|---|---|---|---|---|
| **ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ** | | | | |
| 1 | **«Еңбегі адал жас өрен» жобасы** | «Әкеге-ізет, анаға – құрмет» | 1-4 сынып жетекшілері | 13.11 |
| 2 | **«Ата – аналар мектебі» жобасы** | "Қызым, сен тыңда" ата - аналар жиналысы | 1-11 сынып жетекшілері | 13.11 |
| 3 | **«Ұшқыр -ой алаңы» жобасы** | "Қатыгездіксіз, зорлық - зомбылықсыз балалық щақ" | 7-11 сынып жетекшілері.Дебат жетекшісі | 14.11 |
| 4 | **Ғаламтор қауіпсіздігі** | Кім жылдам? Интеллектуалдық сайыс | Информатика пәні мұғалімі | 15.11 |
| 5 | **«Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы** | «Құқықбұзушылық және жасөспірім» дөңгелек үстел | 8-11 класс | 14.11 |
| 6 | **«Төрт тоқсанға төрт өнер» жобасы** | "Алтын сақа" челленджі | Аға тәлімгер<br>Дене шынықтыру пәні мұғалімі | 17.11 |
| 7 | **«Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы** | "Қатыгездік пен зорлық - зомбылықсыз балалық шақ" | 8-9 класс жетекшілері | 15.11 |
| 8 | **«9 ай- 9 іс-шара» жобасы** | «Асық ату» челленджі | ДТДЖО, аға тәлімгер | 17.11 |
| 9 | **«Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы** | Жол полициясы қызметкерлерімен кездесу өткізу | Аға тәлімгер | 17.11 |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 10 | **«Еңбегі адал жас өрен» жобасы** | «Ұлы дала перзентімін» | 5-9 класс жетекшілері | 16.11 |
| 11 | **«Ата – аналар мектебі» жобасы** | "Білімдіге дүние жарық" ата – аналар жиналысы | АПҚО жетекшісі<br>1-4 класс жетекшілері | 16.11 |
| 12 | **«Ата – аналар мектебі» жобасы** | "Әжелер даналығы"<br>"Ертегі - танымның көзі" | "Даналық мектебі" жетекшісі<br>1-11 класс жетекшілер<br>Педагог ұйымдастырушы | 17.11 |
| 13 | **«Еңбегі адал жас өрен» жобасы** | Жолда жүру ережесіне байланысты бейнефильм көрсету | Класс жетекшілер | 19.11 |
| 14 | **«Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы** | "Ертеңіңді ойласаң, есірткіге жолама" | Мектеп Медбикесі | 20.11 |
| 15 | **«Ата – аналар мектебі» жобасы** | "Ақыл айтпа, жол көрсет" | АПҚО жетекшісі<br>5-9 класс жетекшілері | 21.11 |
| 16 | **«Еңбегі адал жас өрен» жобасы** | «Адал ұрпақ» клубтарының отырыстарын өткізу | «Адал ұрпақ» клубының жетекшісі | 20.11 |
| 17 | **«Ата – аналар мектебі» жобасы** | "Көркем мінез - баға жетпес байлық" | АПҚО жетекшісі<br>9-11 класс жетекшілері | 23.11 |
| 18 | **«Ата – аналар мектебі» жобасы** | Ұл тәрбиесі - ұлт тәрбиесі | Аға тәлімгер | 27.11 |

**ЖЕЛТОҚСАН – «ҚАЗАҚСТАН - ҰЛЫ ДАЛА ЕЛІ»**

**16 -17 желтоқсан-Тәуелсіздіктің 32 жылдығы**

| № | Негізгі жұмыс бағыттары | Іс-шаралар | Жауаптылар | Орындау мерзімдері |
|---|---|---|---|---|
| **ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ** | | | | |
| 1 | **«Ұшқыр -ой алаңы» жобасы** | «Тәуелсіздік – мәңгілік елдің тұғыры» пікірсайыс | Дебат жетекшісі | 5.12 |
| 2 | **«9 ай – 9 іс - шара» жобасы** | «Шығарма жазу: болашаққа хат»челлендж | ДТДЖО, қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі. | 13.12 |
| 3 | **«Еңбегі адал жас өрен» жобасы** | «Мен - еріктімін» | ДТДЖО, Сынып жетекші. «Қоғамға қызмет» еріктілер ұйымы жетекшісі | 19.12 |
| 4 | **«Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы** | «Тарих пен тіл тамырлас» | ДТДЖО, 1-4 сынып жетекшілері | 10.12 |
| 5 | **«Ғаламтор қауіпсіздігі жобасы** | «Қолөнер – сырлы өнер» байқауы | Педагог ұйымдастырушы | 26.12 |
| 6 | **«Оқуға құштар мектеп» жобасы** | «Үнемі оқитын адам, табысты адам» дөңгелек үстел | Мектеп кітапханашысы | 12.12 |
| 7 | **«Ата – аналар мектебі» жобасы** | «Әрбір бала жарық жұлдыз» | Қосымша білім беру педагогы | 27.12 |
| 8 | **«Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы** | «Тәуелсіз елім – Қазақстан» сынып сағаттары | 1-11 сынып жетекшілері | 15.12 |
| 7 | **«Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы** | Құқық және сауаттылық | «Адал ұрпақ» клубының жетекшісі | 7.12 |
| 9 | **«Ұлттық мектеп Лигасы» жобасы** | «Көңілді старт » эстафеталық ойыны | Дене шынықтыру пәні мұғалімдері | 25.12 |
| 10 | **“Балалар және театр” жобасы** | «Тәуелсіздік тұғырым» сыныптан тыс іс - шара | **“Балалар және театр” жобасы жетекшісі** | 14.12 |

**ҚАҢТАР – «ҰЛТТЫҚ КОД» айы**
**Қысқы демалыс**

| № | Негізгі жұмыс бағыттары | Іс-шаралар | Жауаптылар | Орындау мерзімдері |
|---|---|---|---|---|
| **ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ** | | | | |
| 1 | **«Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы** | Мемлекеттік рәміздер – ұлт мақтанышы | 2-11сынып жетекшілері | 11.01 |
| 2 | **«Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы** | Туған өлке ақындарының шығармалары | 5-11сынып жетекшілері | 12.01 |
| 3 | **«Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы** | «Профи TIME» мамандықтар әлемінде | 10-11сынып жетекшілері | 11.01 |
| 4 | **«Оқуға құштар мектеп» жобасы** | «Мен оқыған бір ертегі» дөңгелек үстел | 2-3сынып жетекшілері | 15.01 |
| 5 | **«Ата – аналар мектебі» жобасы** | «Әкеңнің төріне сенбе, еткен еңбегіне» | «Әкелер клубы» | 15.01 |
| 6 | **«Оқуға құштар мектеп» жобасы** | «Өзің оқы, өзгеге ұсын» Сыныптан тыс іс-шара | 7-9сынып жетекшілері | 17.01 |
| 7 | **«Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы** | Қыз намысы – ұлт намысы | «Тоғжан» қыздар ұйымының жетекшісі | 17.01 |
| 8 | **«Еңбегі адал жас өрен» жобасы** | «Қалдықтарды табысқа айналдырайық» Сыныптан тыс іс - шара | 2-4сынып жетекшілері | 18.01 |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 9 | **«Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы** | «Жас сарбаз» қозғалысының ашық есік күнін ұйымдастыру | АӘД пәні мұғалімі | 19.01 |
| 10 | **«Ұлттық мектеп Лигасы» жобасы** | «Ұлттық ойын – ұлт қазынасы» | Дене шынықтыру пәні мұғалімдері | 18.01 |
| 11 | **«Ата – аналар мектебі» жобасы** | «Ағасы бардың, жағасы бар» Сыныптан тыс іс - шара | «Даналық мектебі» жетекшісі | 23.01 |
| 12 | **«9 ай – 9 іс- шара» жобасы** | «Қазақ есебі» челленджі | ДТІЖО, Математика пәні мұғалімдері | 26.01 |

## Ақпан – Оқуға құштарлық айы

| № | Негізгі жұмыс бағыттары | Іс-шаралар | Жауаптылар | Орындау мерзімдері |
|---|---|---|---|---|
| **ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ** | | | | |
| 1 | **«Оқуға құштар мектеп» жобасы жобасы** | «Мақал – сөздің азығы, жұмбақ ойдың қазығы» сынып сағаты | 1-11 сынып жетекшілері. | 1.02 |
| 2 | **«Оқуға құштар мектеп» жобасы жобасы** | Абайдың «Толық адам» ілімі. Сынып сағаты | 1-11 сынып жетекшілері. | 4.02 |
| 3 | **«Оқуға құштар мектеп» жобасы жобасы** | «Қазақ даласының ұлы тұлғалары» сынып сағаты | 1-11 сынып жетекшілері. | 11.02 |
| 4 | **«Ата – аналар мектебі» жобасы** | «Үйрен жақсы әдептен» ата – ана сағаты | 1-5сынып жетекшілері. Қосымша білім беру педагогы | 15.02 |
| 5 | **«Ғаламтор қауіпсіздігі» жобасы** | Балалардың ақпараттық қауіпсіздігін және цифрлық сауаттылығын қамтамасыз ету. Ақпараттық сабақ | 5-11 сынып жетекшілері | 18.02 |
| 6 | **«Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы** | «Сен және заң» Сынып сағаты | 1-11 сынып жетекшілері | 22.02 |
| 7 | **«Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы** | «Мектептегі мінез – құлық ережелері» Сынып сағаты | 1-11 сынып жетекшілері | 25.02 |
| 8 | **«Еңбегі адал жас өрен» жобасы** | Өзіңді мамандықтар әлемінде тап | 8-11 сынып жетекшілері. | 23.02 |
| 9 | **«Ұшқыр -ой алаңы» жобасы** | «Сөз майдан» диалогтық алаң | Дебат жетекшісі | 20.02 |
| 10 | **«Ұлттық мектеп Лигасы» жобасы** | «Волейбол» ойыны | Дене шынықтыру пәні мұғалімдері | 26.02 |
| 11 | **«9 ай – 9 іс- шара» жобасы** | «Оқуға құштар мектеп» челленджі<br>«Сүйікті кітабым» көрмесі | Кітапханашы | 28.02 |

**Наурыз-ұлттық салт – дәстүрді дәріптеу айы**

**1 наурыз –Алғыс айту күні**
**8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні**
**21,22,23 наурыз – Наурыз мейрамы**
**27 наурыз – Дүниежүзілік театр күні**

| № | Негізгі жұмыс бағыттары | Іс-шаралар | Жауаптылар | Орындау мерзімдері |
|---|---|---|---|---|
| **ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ** | | | | |
| 1 | **«Ғаламтор қауіпсіздігі» жобасы** | «Алғыс айту – парызың» шығарма байқауы | Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдері | 1.03 |
| 2 | **«Еңбегі адал жас өрен» жобасы жобасы** | «Алғыс айту парызым» сынып сағаты | 1-11 сынып сағаттары | 1.03 |
| | **«Еңбегі адал жас өрен» жобасы жобасы** | «Табысты тұлға». Сынып сағаты | 9-11 сыныптар | 4.03 |
| 3 | **«Оқуға құштар мектеп» жобасы жобасы** | «Мақал сөздің азығы, жұмбақ ойдың қазығы».Мақал – мәтел сайысы | 5-6 сыныптар | 6.03 |
| 4 | **«Ата – аналар мектебі» жобасы** | «Бәрі де, Ана, бір өзіңнен басталды». Сыныптан тыс мерекелік іс – шара | ДТІЖО<br>Аға тәлімгер<br>1-11 сыныптар . | 7.03 |
| 5 | **«Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы** | «Адалдық – адамдықтың белгісі» сынып сағаты | 1-4 сыныптар | 11.03 |
| 6 | **«9 ай – 9 іс- шара» жобасы** | «Домбырашылар» челленджі | Аға тәлімгер | 13.03 |
| 7 | **«Ұшқыр -ой алаңы» жобасы** | Салт – дәстүрді білеміз бе? | «Шаңырақ» дебат клубының жетекшісі | 14.03 |
| | **«Ұлттық мектеп Лигасы» жобасы** | «Ұлттық ойын – ұрпаққа мұра» ұлттық ойындар байқауы | Дене шынықтыру пәні мұғалімдері | 15.03 |
| 8 | **«Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы** | Ұлыстың ұлы күні – Әз Наурыз!Мерекелік іс - шара | ДТІЖО<br>Аға тәлімгер | 18.03 |
| 10 | **«Балалар және театр» жобасы** | 27 – наурыз Дүниежүзілік театр күні | «Балалар және театр» жобасы жетекшісі | 19.03 |

**Сәуір – Экологиялық мәдениет айы**

**12 сәуір – Ғылым күні**

| № | Негізгі жұмыс бағыттары | Іс-шаралар | Жауаптылар | Орындау мерзімдері |
|---|---|---|---|---|
| **ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ** | | | | |
| 1 | **«Еңбегі адал жас өрен» жобасы жобасы** | «Достық – көмекпен мықты» сынып сағаты | 5-11 сыныптар | 1.04 |
| 2 | **«Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы** | «Жүрегім қазақ» сынып сағаты | 8-11 сыныптар | 5.04 |
| 3 | **«Оқуға құштар мектеп» жобасы жобасы** | «Кітапханаға саяхат» | Мектеп кітапханашысы | 8.04 |
| 4 | **«Ата – аналар мектебі» жобасы** | «Әкелер күні» халықаралық мерекесі шеңберінде «Менің әкем – жақсы адам» ата – аналар жиналысы | «Әкелер» клубы 5-8 сыныптар | 12.04 |
| 5 | **«Ғаламтор қауіпсіздігі» жобасы** | Интернет қауіпсіздігі туралы сауалнама алу | Аға тәлімгер 1-11 сыныптар | 15.04 |
| 6 | **«9 ай – 9 іс- шара» жобасы** | «Шахмат ойнау» челленджі | Дене шынықтыру пәні мұғалімдері Аға тәлімгер | 19.04 |
| 7 | **«Ұшқыр -ой алаңы» жобасы** | Қала балалары мен ауыл балаларының мүмкіндіктері тең бе? | «Шаңырақ» дебат клубының жетекшісі | 22.04 |
| 8 | **«Ұлттық мектеп Лигасы» жобасы** | Спорт ардагерлерімен достық кездесу | Дене шынықтыру пәні мұғалімдері | 26.04 |
| 9 | **«Балалар және театр» жобасы** | «Абай жолы» романынан қойылым | «Балалар және театр» жобасы жетекшісі | 29.04 |

**МАМЫР – БЕЙБІТШІЛІК ПЕН ТАТУЛЫҚ АЙЫ**

1 мамыр-Қазақстан халықтарының бірлігі күні
7 мамыр-Отан қорғаушылар күні
9 мамыр-Жеңіс күні
31 мамыр - Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күні
Ақын, жазушы, философ, тарихшы, композитор Шәкәрім Құдайбердіұлының туғанына 165 жыл

| № | Негізгі жұмыс бағыттары | Іс-шаралар | Жауаптылар | Орындау мерзімдері |
|---|---|---|---|---|
| **ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ** | | | | |
| 1 | **«Еңбегі адал жас өрен» жобасы жобасы** | «Менің гүлзарым» сынып сағаты | 5-11 сынып жетекшілері | 3.05 |
| 2 | **«Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы** | «Жеңіс деген шат күлкісі баланың» сынып сағаты | ДТІЖО<br>Аға тәлімгер<br>1-11 сынып жетекшілері | 6.05 |
| 3 | **«Оқуға құштар мектеп» жобасы жобасы** | «Оқырмандар отбасы» | Мектеп кітапханашысы | 10.05 |
| 4 | **«Ата – аналар мектебі» жобасы** | «Атадан өсиет, анадан қасиет» ата – аналар жиналысы | ДТІЖО | 13.05 |
| 5 | **«Ғаламтор қауіпсіздігі» жобасы** | Ғаламтормен ойнама | 1-11 сынып жетекшілері. | 17.05 |
| 6 | **«9 ай – 9 іс- шара» жобасы** | «Жасыл мекен» челленджі | ДТІЖО<br>Аға Тәлімгер | 20.05 |
| 7 | **«Ұлттық мектеп Лигасы» жобасы** | Халықаралық отбасы күні «Денсаулық Fest» Ұлттық мектеп лигасы | Дене шынықтыру пәні мұғалімдері | 27.05 |

**ДТІЖО:** **Г.Ж.Меңдеш**